

Атом энергиясын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 299 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 мамырда № 11222 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Энергетика министрінің 01.04.2020 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандарты;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотопты көздерін, радиоактивті

қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарында және жүргізілген ядролық сынақтардың салдарынан ластанған басқа аумақтарда қызметтерді жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Атом энергиясы пайдаланылатын объектілерде жұмыс істейтін персоналды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздік сараптамасын жүзеге асыратын ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Көліктік қаптама комплектілерінің конструкциясын бекіту, сондай-ақ басқа елдердің уәкілетті органдары бекіткен Қазақстан Республикасының аумағында оларға сертификаттар-рұқсаттар күшін қолдану" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

14) осы бұйрықтың 14-қосымшасына сәйкес "Сараптама ұйымы ұсынған ядролық, радиациялық және ядролық физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты есеп айырысу әдістемесін келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарты.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 08.01.2018 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 24 сәуір

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Е. Досаев

2015 жылғы 28 сәуір

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 22 сәуірдегі
№ 299 бұйрығына
1-қосымша

"Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 12.07.2017 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі әзірледі (бұдан әрі – Министрлік).

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 20 (жиырма) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күні мынадай жағдайларда:

заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгергенде; Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болғанда;

заңды тұлға-лицензиат бірігуі, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастырылғанында;

заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 20 (жиырма) жұмыс күні;

лицензиаттың жүгінуі бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұрған немесе жаңғыртқан кезде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны жаңғыртқан кезде – 10 (он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) құжаттарын алған кезден бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және қолданылу мерзімінің өту фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электронды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.05.2018 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, көрсетілетін қызметті алушының қайтып алуға қанағаттандырылған өтініші, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту туралы шешім, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 100 айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 %-ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанында екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген

түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.05.2018 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі.

2) порталдың – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, (мемлекеттік қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш берген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

занды тұлғаның осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Лицензияға қосымшаларды беру кезінде лицензиялық алым алынбайды;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне құжаттардың электрондық көшірмелері (бұдан әрі – құжаттардың электрондық көшірмелері);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны).

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

занды тұлғаның осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған

электрондық құжат нысанындағы, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайларында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес құжаттардың электрондық көшірмелері;

заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайларында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту үшін: лицензиат болып табылатын заңды тұлғаның еркін нысандағы өтініші;

4) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту үшін:

лицензиат болып табылатын заңды тұлғаның бұзушылықтарды жойғаны туралы еркін нысандағы өтініші;

бұзушылықтарды жойғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, ЭҮТШ арқылы төлеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы Портал арқылы толық қажетті құжаттарды ұсынғанда – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қағаз нысанында берілген болса, көрсетілетін қызметті алушы өтініш бойынша оларды электрондық форматқа көшіреді және лицензияның электрондық нысанын алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартудың негіздері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;
- 2) лицензиялық алымның енгізілмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған лицензиялауға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
- 5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салуы болып табылады;
- 6) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың, және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін орнату.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша түрде пошта арқылы немесе жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы, немесе портал арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), шығыс нөмірі мен күні пошталық мекенжайы, байланыс телефоны көрсетіледі.

Шағымның қабылданғанын растау оның көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған тұлғаның тегі мен аты-жөні көрсетіле отырып тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижесі туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы немесе портал арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің интернет-ресурсында – www.energo.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде;

2) көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында – www.kaenk.energo.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық түрде алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты портал арқылы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Бірыңғай байланыс орталығы: (1414), 8 800 080 7777.

"Атом энергиясын пайдалану
объектілерінің тіршілік циклінің
кезендеріне байланысты
жұмыстарды орындауға
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын. Заңды тұлғаның мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі) Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды

болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық

цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары

арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға

Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне құжаттар

1. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Өтініш беруші бекіткен қабылдау актілері және сынау хаттамаларының, жүйенің, жабдықтардың және персоналдың физикалық іске қосуға дайындығы жөніндегі акті – бұл тармақ ядролық қондырғыларды пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

5. Өтініш беруші бекіткен объектінің қауіпсіздігін талдау жөніндегі алдын ала есеп – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

6. Өтініш беруші бекіткен объектіні пайдаланудан шығару алдын ала жоспарының көшірмесі – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

7. Еңбекке қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздік жүйелеріндегі ақаулықтардың алдын алуға бағытталған жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, тексеруді және сынауды қамтамасыз ететін қызметті құру туралы бұйрықтар және қызмет туралы ережелер – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

8. Техникалық қызмет көрсетуді жүргізу нұсқаулығы; техникалық қызмет көрсету жүргізу бағдарламасы және кестесі – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

9. Өтініш берушінің радиациялық қауіпсіздік қызметін құру туралы бұйрығы, радиациялық қауіпсіздік қызметі туралы ереже, радиациялық қауіпсіздік бойынша оқу сертификаттары – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

10. Радиациялық бақылау аспаптары мен өлшеу құралдарын тексеру сертификаттары – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Өтініш беруші бекіткен сапаны қамтамасыз ету бағдарламасы;

13. Өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік бойынша; физикалық іске қосуды жүргізу кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша; жаңа және пайдаланылған отынды тасымалдау, қайта тиеу және сақтау кезінде ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша, персоналдың авариялық жағдайлардағы іс-әрекеті бойынша нұсқаулықтар – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

14. Өтініш беруші бекіткен және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органымен, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттік басқаруды, қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген радиациялық авариядан және оның салдарынан персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

15. Өтініш беруші бекіткен авария жағдайында персоналдың іс-қимылын пысықтауға арналған әдістеме, аварияға қарсы жаттығуларды өткізу бағдарламасы мен кестесі – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

16. Өтініш беруші бекіткен радиациялық жағдайды бағалаумен өндірістік бақылау бағдарламасы – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті

қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

17. Радиациялық бақылауды жүргізу тәртібін бекітетін құжат; радиациялық бақылауды өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттар – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты;

18. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Алып тасталды - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметіне мәліметтер нысаны

Ескерту. 3-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 28.05.2018 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. 1-кестеге сәйкес тиісті білімі, дайындығы, жұмыс тәжірибесі бар және мәлімделетін қызмет түрі мен кіші түрлерін жүзеге асыруға жіберілген мамандардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер.

Мамандардың, техниктердің, жұмысшылардың білікті құрамы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

Маманның, техниктің, жұмысшының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қабылдау туралы бұйрықтың /жеке еңбек шартының нөмірі және күні	Жеке немесе заңды тұлға жұмысының бағдарына сәйкес келетін мамандықтар бойынша дипломның нөмірі және берілген күні, оқу орнының атауы, мамандығы және біліктілігі (дипломды шетелдік оқу орны берген жағдайда – тану және нострификациялау туралы мәліметтер) (бұл тармақ рентгендік тексеру аппараттарында жұмыс жасайтын персонал үшін және жұмысшылар үшін толтырылмайды)	Біліктілігіне және тиісті лауазымның функционалдық міндеттеріне сәйкес теориялық және практикалық дайындықтан өткенін растайтын сертификаттардың, куәліктердің нөмірі және берілген күні (бұл баған жұмысшылар үшін толтырылмайды)	Оқу және (немесе) дайындық курсының атауы (бұл баған жұмысшылар үшін толтырылмайды)	Атом энергиясы пайдаланылатын объектілердегі жұмыс өтілі туралы мәлімет (қызметінің атауы, жұмыс кезеңі, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес еңбек қызметін растайтын құжаттың атауы (бұл баған тек радиациялық қауіптілігі I және II санатты объектілерде, ядролық материалдарды өткізуден басқа ядролық қондырғыларда жұмыс істейтін мамандар мен техниктер үшін толтырылады)	Пе " / то пе жс
1	2	3	4	5	6	7	8

2. 2-кестеге сәйкес мынадай рұқсат етілген жұмыстармен лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны: 1. Жер қабатындағы арнаулы жұмыстар, оның ішінде іргетас негіздерді орналастыру; 2. Объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде: 1) металл конструкцияларды монтаждауды; 2) монолитті конструкцияларды орналастыру, сондай-ақ құрамабетон және темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырғалар мен аралық қабырғалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды; 3) шатыр жабу жұмыстары. 3. байланыспен, апатқа қарсы қорғанумен, бақылау және дабыл беру жүйесімен, көліктегі, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілеріндегі, өзге де тіршілікті қамтамасыз ету объектілеріндегі бұғаттаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу және бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары– бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Лицензия туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

2-кесте

Лицензия нөмірі/рұқсат құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі

3. 3-кестеге сәйкес ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық жөнінде ақпаратты қамтитын мәліметтер – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Ядролық материалдарды есепке алу және сақтауға жауапты тұлғаны тағайындау туралы бұйрық жөнінде ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

3-кесте

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) және атқаратын қызметі	Тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі	Тағайындау туралы бұйрықтың мерзімі
1	2	3

4. 4-кестеге сәйкес персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты. Персоналды жеке дозиметрлік бақылау өткізуге атом энергиясын пайдалану саласындағы тиісті лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлғалармен шарттар жасалады.

Персоналды жеке дозиметрлік бақылау бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

4-кесте

Шарт тақырыбы (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші бұл бағанды толтырмайды)	Шарт жасалған тұлғаның заңды тұлға/дарақәсіпкер/жеке тұлға атауы (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші бұл бағанды толтырмайды)	Шарттың нөмірі және күні, шарттың қолданылу мерзімі (жеке дозиметрлік бақылау бойынша жұмыстарды жүргізуге меншікті лицензиясы бар өтініш беруші бұл бағанды толтырмайды)	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету құқығына рұқсат беретін лицензияның нөмірі	Жеке дозиметрлік бақылаумен қамтылған қызметкерлер саны
1	2	3	4	5

5. 5-кестеге сәйкес қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер – шарт жасасу мемлекеттік мекемелер үшін талап етілмейді.

Сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны
5-кесте

Шарттың тақырыбы	Шарттың нөмірі және жасалған күні	Шарттың қолданылу мерзімі	Сақтандыру компаниясының атауы	Шартқа сәйкес сақтандыру жағдайларына жатпайтын тармақтарды көрсету
1	2	3	4	5

6. 6-кестеге сәйкес объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру және экологиялық сақтандыру шарттары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Сақтандыру шарты туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

6-кесте

Шарт тақырыбы	Шарт нөмірі және жасалған күн	Шарттың қолданылу мерзімі	Сақтандыру компаниясының атауы	Шартқа сәйкес сақтандыру жағдайларына жатпайтын тармақтарды көрсету
1	2	3	4	5

7. 7-кестеге сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындау үшін қажетті өндірістік-техникалық база туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер – бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

7-кесте

Үй-жайдың өндірістік-техникалық базаның/қойманың/мамандандырылған үй-жайдың/зертхананың) атауы	(Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңдық құқықтарды растайтын құжат	Өзге заңдық құқығы болған жағдайда		Үй-жайдың өндірістік-техникалық базаның/қойманың/мамандандырылған үй-жайдың/зертхананың) орналасқан мекенжайы
		Шарттың нөмірі, күні және қолданылу мерзімі	Шарт жасалған тұлғаның/жеке кәсіпкердің/жеке тұлғаның атауы және БСН/ЖСН	
1	2	3	4	5

8. 8-кестеге сәйкес меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде иондаушы сәулелену көздерін және радиоактивті қалдықтарды сақтау және көмуге арналған қойма туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер - бұл тармақ ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі қызметтің кіші түрлеріне ғана қатысты.

Мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базалар, сақтау қоймалары, мамандандырылған үй-жайлар, зертханалар туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны

8-кесте

Үй-жайдың өндірістік-техникалық базаның/ қойманың/ мамандандырылған үй-жайдың/зертхананың) атауы	(Меншік құқығын растайтын құжат немесе өзге заңдық құқықтарды растайтын құжат	Өзге заңдық құқығы болған жағдайда		Үй-жайдың өндірістік-техникалық базаның/ қойманың/ мамандандырылған үй-жайдың/зертхананың) орналасқан мекенжайы
		Шарттың нөмірі, күні және қолданылу мерзімі	Шарт жасалған тұлғаның/ жеке кәсіпкердің/ жеке тұлғаның атауы және БСН/ ЖСН	
1	2	3	4	5

"Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымша
Нысан

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда –

шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген,
(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері) берілген күні,

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны
(керектің асты сызылсын)

қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін

қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет)

:

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші

тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша

берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе

лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның

орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда_

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы мекенжайы, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда –

шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақта қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері

бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен

айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды

болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде

ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі

шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық

цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

_____ (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 22 сәуірдегі
№ 299 бұйрығына
2-қосымша

"Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 12.07.2017 № 238 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі әзірледі (бұдан әрі – Министрлік).

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Порталға жүгінген сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде – 20 (жиырма) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 3 (үш) жұмыс күні мынадай жағдайларда:

заңды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгергенде;

Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болғанда;

заңды тұлға-лицензиат бірігу, қайта құру, заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта ұйымдастырылғанында;

заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеген кезде – 20 (жиырма) жұмыс күні;

лицензиаттың жүгінуі бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұрған немесе жаңғыртқан кезде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны жаңғыртқан кезде – 10 (он) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші заңды тұлғаның (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) құжаттарын алған кезден бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімін тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық болмау және қолданылу мерзімінің өту фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету нысаны: электронды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.05.2018 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, көрсетілетін қызметті алушының қайтып алуға қанағаттандырылған өтініші, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту туралы шешім, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайлар және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 12.02.2019 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет ақылы негізде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезіндегі лицензиялық алым 50 айлық есептік көрсеткішті құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым лицензия беру кезіндегі мөлшерлеменің 10 % -ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз нысанында екінші деңгейдегі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.05.2018 № 215 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен жүргізіледі.

3) порталдың – тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, (мемлекеттік қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініш берген жағдайда өтінішті қабылдау және

мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

заңды тұлғаның осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі. Лицензияға қосымшаларды беру кезінде лицензиялық алым алынбайды;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметіне құжаттардың электрондық көшірмелері (бұдан әрі – құжаттардың электрондық көшірмелері);

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметіне мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны).

2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

заңды тұлғаның осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайларында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес құжаттардың электрондық көшірмелері;

заңды тұлға-лицензиат бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайларында осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес мәліметтер нысаны;

3) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру немесе жаңғырту үшін: лицензиат болып табылатын заңды тұлғаның еркін нысандағы өтініші;

4) лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтарды жойған кезде лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның күшін жаңғырту үшін:

лицензиат болып табылатын заңды тұлғаның бұзушылықтарды жойғаны туралы еркін нысандағы өтініші;

бұзушылықтарды жойғанын растайтын құжаттардың көшірмелері.

Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, лицензия туралы, ЭҮТШ арқылы төлеу туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

